# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№171 (20645)

9 қараша, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz


ДЕНСАУЛЫҚ

## ЖЫЛЖЫМАЛЫ КЕШЕН
## АУРУДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУҒА ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

**Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен аймақта бірнеше жоба іске асуда. Өңірдегі денсаулық сақтау ұйымдары материалдық-техникалық жабдықтармен қатар, қажетті дәрі-дәрмектермен қамтылды. Осы орайда, кеше облыстық онкология орталығына «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы алынған жылжымалы медициналық кешенді табыстау рәсімі өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мұндай медициналық кешен республика бойынша 3 өңірде ғана іске қосылғанын атап өтіп, қорға алғыс білдірді.**



Sb **Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

– Біз былтырдан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен әріптестік байланыстамыз. Қор екі жылда аймақтың денсаулық сақтау саласына 2 млрд теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылып, аса қымбат дәрі-дәрмектер алынды. Бүгін қор онкология орталығын республика бойынша 3 облыста ғана бар, 1,1 млрд теңгенің скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етуде. Жылжымалы кешен табысталатын 3 өңірдің бірі ретінде Қызылорда облысын таңдаған «Қазақстан халқына» қорына Сыр жұртшылығы атынан шынайы ризашылығымызды білдіріп, алғысымызды айтамыз. Кешен Арал мен Жаңақорған аралығындағы халықтың денсаулығындағы кінәратты ерте анықтаудың мүмкіндігін ұлғайта түспек, – деді облыс әкімі.

Іс-шарада «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры директорының орынбасары Ләззат Шыңғысбаева облыстық онкология орталығының бас дәрігеріне жылжымалы медициналық кешеннің кілтін табыстады. Бұл өз кезегінде шалғай елді мекендердегі тұрғындардың жоғары мамандандырылған медициналық көмекке қолжетімділігін арттыруға, орташа өмір сүру жасын ұзартуға мүмкіндік береді. Айта кетейік, екі көліктен тұратын жылжымалы медициналық кешен томосинтез функциясы бар сандық маммографиялық жабдықпен, сарапшылық деңгейдегі ультрадыбыстық жүйемен және жоғары дәлдікпен зерттейтін компьютерлік томографпен жабдықталған. Құрылғылар Жапонияда жасалған. Мұндай кластағы және конфигурациядағы медициналық жабдық Қазақстанда алғаш рет қолданысқа берілуде.



– Бұл медициналық жабдықтар аудан, әсіресе, шалғай ауылдағы халыққа тиімді болады. Біз арнайы жоспар жасадық. Осы арқылы аудандардағы ахуалды бақылап, қай жерде аурушаңдық жоғары, сол елді мекендерге жылжымалы кешен қызмет көрсетеді. Қазір Байқоңыр қаласынан бастау жоспарлануда. Қай ауданға барса да жылжымалы кешен он күндей сонда аялдап, келген халық арнайы мамандар көмегімен тексеруден өте алады, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов.

Республика бойынша пилоттық өңір ретінде таңдалған Алматы, Қызылорда және Ақтөбе облыстарында «ОН Денсаулық жолы» жобасының іске асырылуы онкологиялық ауруға шалдыққандарды ерте сатыда анықтауға мүмкіндік береді. Халықты онкологиялық скринингпен қамту бойынша қазіргі жоспар 60 пайызды құрайды. Енді осы жобаны енгізу арқылы пилоттық өңірлер бойынша тексерумен қамту 70 пайызға дейін ұлғайтылмақ.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

**ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқанының қорытындысы талқыланды. Онда ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облысының әкімдері баяндама жасап, атқарған жұмыстары мен шешімін күткен мәселелер туралы айтты.**

## ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстардың ұйымдастырылуы мен түпкілікті нәтижелеріне тоқталды.

– Биылғы вегетация кезінде су тапшылығы қатты сезіліп, диқандарымызға оңай соққан жоқ. Дегенмен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы қолдауының арқасында аймақта су тапшылығының алдын алу шаралары қабылданды. Дер кезінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде егілген 89 мың гектар күріштен 503 мың тонна өнім жиналып, орта өнім гектарына 56,5 центнерді құрады.

Қазір егін жинау жұмыстары толығымен аяқталды. Ендігі кезекте сүдігер айдау және күздік бидай егуді мерзімінде бітіру қажет. Бүгінгі күні межеленген 4 мың гектар күздік бидайдың 2200 гектары егілген. Сүдігер айдауға келер болсақ, жоспардағы 50 мың гектар жердің 64,9 пайызы орындалған. Аудан әкімдері, күздік бидай егу және сүдігер айдау жұмыстарын 20 қарашаға дейін аяқтаңыздар, – деді аймақ басшысы.

2-бет

ТАҒЗЫМ

## ДӘРІГЕР ЕҢБЕГІ ДӘРІПТЕЛДІ




**«Елім деген ерді ел құрметтер» дейді халық даналығы. Мұндай бағаға туған халқының болашағы үшін тер төгіп, құрметке бөленген азаматтар ғана лайық. Кеше Сыр өңірінде танымал дәрігер, облыстың Құрметті азаматы Ернияз Омаровтың бюсті ашылды. Елеулі еңбегінің арқасында қадірлі болған дәрігердің бюсті көпбейінді қалалық аурухана ауласына орнатылды. Іс-шараға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев медицина майталманының денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесін атап өтіп, қойылған бюст-ескерткіш аймақтағы медицина саласында еңбек ететін барша мамандарға деген құрметтің белгісі екенін айтты.**

– Антына адал болған Ернияз Омарұлы аймақтың денсаулық сақтау саласының атасы атанды. Еңбек жолын Тереңөзектегі «Арысқұм» жайлауындағы малшылар қонысында фельдшер болып бастап, медициналық бекет меңгерушісі, облыстық ауруханада хирург, емхана меңгерушісі, қалалық, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің, басқарманың меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Ауласына бюсті қойылған осы қалалық көпбейінді аурухананың, 5 аудандық, 7 ауылдық аурухана мен 20-дан астам ауылдық дәрігерлік емхананың ашылуына еңбек сіңірді. Қызметтің қай сатысында жүрсе де, дәрігерлік міндетін мүлтіксіз орындады. Елу жылдық еңбек жолында он мыңға жуық ота жасап, талай науқасты ажалдан арашалап қалған. Әсіресе, балаларды емдеуге баса мән берген. Көп жылғы тәжірибесін ғылыммен ұштастырып, медицина ғылымдарының кандидаты атанған. Зейнетке шықса да, дәрігерлік қызметін жалғастырып, жас мамандарға білгенін үйретіп, тәрбиеледі, – деді аймақ басшысы.

Абзал азаматтың медицина саласындағы еңбегі лайықты бағаланып, «Қазақ ССР-не еңбегі сіңген дәрігер» құрметті атағымен, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Сырдария ауданының, Қызылорда қаласының және Қызылорда облысының Құрметті азаматы атақтары берілген. «Өмір белестері», «Ажалға араша», «Сыр медицинасы» кітаптарының авторы.

– Ернияз Омаров қызметте жүргенде ауруханалар салуға көп еңбек сіңірді. Әсіресе, ауыл медицинасының дамуына, емханалар ашуға септігін тигізді. Құрылыс басында жүріп, тезірек ел игілігіне беруге жұмыс жасады. Мұның барлығы – оның қажымас қайраты, ерен еңбегі. Жақсының өзі кеткенмен, артында қалған игілікті ісі мәңгілік өшпейді емес пе?! Ернияз Омарұлы елге деген қамқорлығын аямаған осындай адам еді, – деп еске алды ҚР еңбек сіңірген қайраткері Тұрғанбай Маханов.

Сонымен қатар, салтанатты шарада ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова мен Ерниязд Омарұлының жұбайы Хадиша Омарова жерлестерін құттықтап, игі тілектерін арнады.

**Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ**

МЕМОРАНДУМ

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі және ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым академиясы арасында агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми-инновациялық дамыту жөніндегі ынтымақтастық келісіміне қол қою рәсімі өтті. Келісім аясында өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытында шаралар атқарылмақ. Жиынға ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым академиясының президенті Тілектес Есполов арнайы қатысты.**

Sb **Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

Аймақ басшысы аграрлық саланың облыс экономикасының негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтіп, академия ғалымдарына тиімді әріптестік орнатуға ниет білдіргені үшін алғыс айтты.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында «Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет» деген болатын. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда ғылыми-зерттеу институттарының рөлі ерекше. Қазір аймақта Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметіне басымдық беріліп келеді. Біз ауыл шаруашылығы ұйымдарымен тығыз жұмыс жасап, оларға қолдау білдіруге дайынбыз. Бүгінгі ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым академиясымен ынтымақтастық туралы келісімнің өзі – соның бір айғағы.

Алдағы уақытта да өңірдің ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытында бірлескен шаралар атқаратын боламыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

2-бет

85 JYL QYZYLORDA OBLYSYNA






## ЖОЛ-КӨЛІК: ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖЕТЕРЛІК

**Аймақ тарихымен астасып жатқан саланың бірі – көлік қатынасы мен автожолдар жүйесі. 1938 жылы өңір құрылып, коммуналдық шаруашылық жанынан жеке транспорт шаруашылығы жұмысын бастады. Аталған құрылым облыс орталығындағы барлық ұйымдар мен мекемелерге, басқармаларға қызмет көрсетті. Осы уақытта автомобиль жөндеу шеберханалары ұйымдастырылып, гараж бен ат паркінің құрылысы жүрген. Жолаушыларды қала маңы ғана емес, ұзақ жерлерге тасымалдау жүзеге асты. Қоғамдық көлікке өрт командалары мен пошта бөлімшелері қызмет көрсете бастады.**

Sb **Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

3-бет

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

## АВТОНАРЫҚТА АРЗАН КӨЛІК КӨБЕЙДІ

**Кейінгі кезде елімізде автокөліктердің арзандап жатқаны туралы жиі естиміз. Бұған нарыққа көптеген жаңа маркалардың келуі әсер еткені даусыз. Десек те, автонарықта проблема жетерлік. Соның бірі – ескі темір тұлпарлардың басым бөлігі әлі құнын жоймады, яғни, халық арасында жаңа маркаларға сенім аз. Сұраныс бар жерде жоғары баға да бар деген тенденция шындығы осы салада байқалады.**

Sb **Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»**




### ҚЫТАЙЛЫҚТАР КӨЗҚАРАСТЫ ӨЗГЕРТТІ

Қазақстан автонарығын сөз еткенде қытайлық көліктерді айтпай кету мүмкін емес. Себебі жаңа әрі арзан көліктерді ұсыну арқылы салаға жаңа серпін берді. Мәселен, 7 млн теңге тұратын Chery Tiggo 2 көлігі алғаш елге келгенде екі күннің ішінде саудаланып кетті. Ал Changan Uni-V машинасы 12 млн теңгеге бағаланса да, көпшілік оның Toyota Camry 70 көлігінен артықшылықтары көп екенін айтуда. Енді салыстыру ретінде айтайық, мәселен, елімізде зауыттан шыққанына 20 жылдан асқан Toyota Camry 30 және 35, Mercedes маркасы жағдайына қарай 5-6 млн теңге аралығында саудаланып жүр. Ал оның қасында қытайлықтар тиімді нұсқа ұсынуда.

Қытай көліктеріне сұраныс артқанын статистикалық деректер арқылы аңғаруға болады. Мысалы, биыл алғашқы 5 айда көрші елден 16 333 көлік әкелінген. Бұл дегеніңіз бүкіл 2022 жылдың көрсеткішінен 12,5 мыңға артық. Ақшалай есептесек, импорт көлемі 292 млн долларға жуық. Былтыр жылдық қорытынды 184 млн долларға ғана жуықтаған. Сөйтіп Қытай қазір Қазақстан автонарығының негізгі жеткізушісіне айналды. Дәл осы секілді бірде-бір елден мұнша көп көлік әкелінбейді. Одан кейінгі тұрған АҚШ-тың өзінен биыл 6 айда 10 200 көлік жеткізілген. Ал былтырғы жылдық көрсеткіші 8900 көлік болатын.

2-бет


● БАСПАСӨЗ – 2024

**Құрметті оқырман!**

**2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-на ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ.**

**«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:**
**жекелер үшін – 4000 теңге,**
**мекемелер үшін – 5000 теңге.**



# ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



1-бет

Дегенмен, саладағы кейбір мәселелер әлі де өзекті күйінде. Мәселен, аймақтағы шаруа қожалықтарының «Қазсушар» мекемесінің облыстық филиалы алдындағы қарызы 800 млн теңгеге жеткен, яғни төленуге тиісті қаржының 37 пайызы өтелмеген.

Нұрлыбек Машбекұлы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне алдағы жылы егілетін күріш егісі көлемін 80 мың гектар деңгейінде тұрақтандыруды тапсырды. Оған қоса, су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы егіс көлемін ұлғайту үшін шаралар қабылдануы тиіс. Жауапты басшыларға әртараптандыру бағытында, су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы егілетін егістің алдағы 3 жылдық орналастыру сызбасын бекітіп, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына жолдау міндеті жүктелді. Аталған басқармаға Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп әртараптандыру бағытындағы дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету, шаруашылықтардың «Қазсушар» мекемесінің облыстық филиалы алдындағы қарызын осы жылдың 1 желтоқсанына дейін толық есептесуін ұйымдастыру жөнінде тапсырма берілді.

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

1-бет

Өз кезегінде Тілектес Есполов өзара ынтымақтастық келісімнің Сыр өңіріндегі егін шаруашылығының одан әрі өркендеуіне серпін беретініне сенім білдірді.

– Кейінгі жылдары Қызылорда облысы жақсы жобаларды, бастамаларды іске асырып келеді. Қазір өңірдің инфрақұрылымы мен экономикасы артуда. Ал ауыл шаруашылығымен 13 мыңнан астам агроқұрылым айналысады, соның ішінде 97 пайызы жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары. Сыр өңірі – Қазақстандағы күріш өсіруге мамандандырылған бірден-бір аймақ. Сондай-ақ облыста әртараптандыру жұмыстары күшейтіліп, ылғалды көп қажет етпейтін дақылдарды егу жұмыстары да кеңейген, – деді академия президенті.

Кездесуде Қазақстанның Еңбек Ері, «Тaң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев, ғалымдар Нұрлан Балғабаев, Теміржан Айтбаев, Бахытжан Дүйсенбеков, Серікбай Өмірзақов өз пікірлерін бөлісті.

– Бақша өнімдері, әсіресе, картоп пен көкөніс дақылдарын көптеп өсіру – халықтың әл-ауқатына оң әсер ететіні сөзсіз. Тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде бұның маңызы зор. Кезінде көптеген шет мемлекеттерге дейін сұраныста болған Сырдың қауынын да айтсақ болады. Осындай суды аз қажет ететін дақылдар мен жеміс-жидек өсіру бағытындағы жобаларға мейлінше көбірек көңіл бөліп, қолдау білдіргеніміз жөн. Біз барлық аудан мен ауыл әкімдіктеріне ұсыныс беріп, жер ыңғайына қарай қандай дақылдарды егу жайлы ғылыми қолдауға, бірге жұмыс істеуге әзірміз, – деді Т.Айтбаев.

Айта кетейік, кейінгі үш жылда ауыл шаруашылығының негізгі қорына 32,7 млрд теңге инвестиция салынды. Биыл құны 7,9 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Сондай-ақ егістікті әртараптандыру әрі күріш өнімділігін арттыру үшін аймақтың күрделі климаттық жағдайына бейімделген жаңа сорттарды өндіріске енгізудің маңызы зор. Сол мақсатпен украиналық және қытайлық селекционерлермен аймақтың жағдайына бейімделген жаңа қарқынды сорттарды өсіру және енгізу туралы келісімге қол жеткізілді. Бүгінде 3 украиндық сортты аудандастыру жұмыстары жүруде. Ресейдің «Яхонт», «Патриот» жаңа сорттары сынақтан өткізіліп жатыр. Жаңа сорттардан әр гектарынан орташа 70-75 центнерден өнім алынды. Бұдан өзге, малазықтық жоңышқа, майлы дақылдар мен картоп, көкөніс көлемін одан әрі арттыру көзделген. Биыл бұл дақылдар 93,5 мың гектар жерге егілсе, келер жылы оның көлемі 101 мың гектарға жеткізілмек. Суды үнемдеп пайдалану үшін тамшылатып, жаңбырлатып суару әдістерін де кеңінен қолдану жоспарлануда.

ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІП

# Бағымы келіскен бал арасы



**Қайдан оқығаным есімде жоқ, бал арасының 76 сезім мүшесі барын білгенде таңғалдым. Шыны керек, бұлардың тіршілігі адамзаттың өмір сүру салтына келіңкірейді. Ұжымдаса еңбек қылады. Қызығы сол, аралардың әр тайпасының өз патшайымы, оның күтушісі мен күзетшісі болады. Тіпті патшайымды тамақтандыратын аспаз аралар бар екен.**

Айтайын дегеніміз, бал арасының бабын тапқандар біздің өңірде жетерлік. Бағуын келістіріп, табыс тауып отырған жігіттерді де білетінбіз. Соның бірі – сырдариялық Антон Кокшаров. Тереңөзек кентінде тұратын ол 2020 жылдан бері отбасылық бизнесін өркендетіп отыр. Анасы Гүлюзумнің айтуынша, оған әкесі Александр көп көмек көрсеткен.

– Кәсіппен айналысам десең, тек ізденіс пен еңбек керек. Сондай-ақ үйренуден жалықпау қажет. Сонда ғана істің берекесі болады. Ұлымыз Антон колледж бітірген соң осы ара шаруашылығымен айналысуға бет бұрды. Бізбен ақылдасып, кеңес сұрады. Біз, әрине, қолдау білдірдік. Сөйтсек, ол оқу орнында оқып жүріп, шәкіртақысын жинапты. Сол қаржыға біз де ақша қосып, қажетті материалдар мен Шымкент қаласынан араның ұясын сатып алдық. Әкесі ұяны өз қолымен істеп те берді. Әдепкіде он екі болды, сонда баға бастадық. Үш жылдан бері бұл кәсіпті ұлғайтып, омарта шаруашылығын отбасымыз болып дамытып келеміз. Пайда бар, сұраныс жыл санап артуда,– дейді Г.Кокшарова.

Омарташы Антонның негізгі мамандығы – дәнекерлеуші. Оның айтуынша, қазіргі тіршілігінің табысы жап-жақсы. Бірақ бал арасының бағуын келістірмесеңіз, шығын да болады. Өзі 11 жасынан бері атасының ара шаруашылығымен айналысқанын көріп, қызығушылығы артқан. Бүгінде ол 35-тен аса ұя ұстап отыр. Шағын шаруашылыққа ата-анасынан бөлек, ағасы Сергей де көмектеседі. Ал анасы балды өңдеп, 1500 теңгеден Қызылорда қаласы мен аудан тұрғындарына өткізеді. Тұрақты тұтынушылары мен сатып алушылары бар.

– Алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламаларға сүйеніп, бұл кәсіпті кеңейткім келеді. Отбасымызбен бірге айналысып отырған шаруашылықты әрі қарай жандандыру – басты мақсатым. Әзірге ата-анам несие алып, бізге қолдау көрсетіп отыр. Алдағы қыста тағы да омартаға 10 ара ұясын қоссам деп отырмын, – дейді Антон.

Иә, бұл кәсіптің қыр-сырын тану қиынның қиыны. Белгілісі, балдың адам денсаулығына мың дауасы бар. Бір ғана мысал, араның қанатының суылы бізге байқалмаса да, онымен демалған адамға күш-қуат беретін қасиеті бар екен. Айтпақшы, Альберт Эйнштейн: «Егер бал арасы болмаса, адамзат 4 жылдан соң жойылады» депті. Кім білсін?!

**Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ,**
Сырдария ауданы

# АВТОНАРЫҚТА АРЗАН КӨЛІК КӨБЕЙДІ

1-бет

Әйтсе де қытайлық автокөліктердің сапасына көпшілік күмәнмен қарайды. «Бір күндік брендтер» деген атау алған машиналардың металл сапасы, локализациясында кемшілік бары талай дәлелденген. Бұдан бөлек, бөлшектері де проблемаға толы. Моделі бірдей, бірақ шыққан кезі әртүрлі көліктердің бөлшектері бір-біріне сәйкес келмеуі мүмкін. Кейбір брендтер банкроттықпен нарықтан шығып, бөлшектер өндіруді және автокөлікке техникалық қызмет көрсетуді тоқтатады. Оның үстіне қазір қытайлық автомобильдерге арналған бөлшектер каталогы жоқ, өйткені өндірушілер мұндай каталогтарды ұсынбайды. Сонымен қатар, кейбір қажетті бөлшектерді тіпті Қытайдан да ашық сатылымнан таппайсыз. Себебі автоөндірушілер өздігінен қызмет көрсетуді қаламай, тек ресми дилерлерде жөндеуді ұсынады. Бөлшектерге дилер арқылы жеке тапсырыс беру керек. Содан кейін олар пошта арқылы жібереді. Осылайша жөндеу уақыты сағызша созылып, көлік иесінің жүйкесін құртады.

## ЕСКІНІ ЕСІРКЕГЕНДЕР АЗАЙМАДЫ

Қазір шетелден көлік әкеліп жатқандар көбеймесе, азайған жоқ. Бұрын бұл санатта Грузия, Армения болса, қазір Сауд Арабиясы мен Оңтүстік Корея қосылды. Өйткені жылы жаңа көліктер елімізге қарағанда арзандау. Алайда әлі Қазақстанда ескі көлік өте көп. Ал оның экологияға зияны мен адам қауіпсіздігіне кесір тигізіп жатқанын ескеру керек. Былтыр еліміздің жолдарында жүрген 1 млн 200 мың көліктің зауыттан шыққанына 20 жылдан асқаны мәлім болды. 2015 жылы шыққанына 10 жылдан асқан автокөліктердің үлесі елде 59 пайызды құраса, 2020 жылы 70 пайыздан асыпты. Уақыт тоқтап қалған жоқ, бұл үлестің артқаны даусыз. Сонда елдегі 4 млн көліктің 3 млн-ға жуығы тозған әрі экологиялық талапқа сай емес болып шығады.

Шетелден кіргізілген көліктердің бәрі жаңа емес, басым бөлігіне 10 жылдан асқан. Мәселенің тамыры тереңде жатыр. Екіншіден, Қазақстанда автонарық тұрақсыз, көбіне баға шарықтауға бейім. «Қаңтардан бастап шетелдік көліктер тіркеледі» дегенде автонарықтағы бағалар лезде көтеріле бастағаны есімізде. Әйтпесе оған дейін шетелдік нөмірдегі көліктердің бағасы өзгесінен біршама арзанырақ болатын. Биылға дейін шетелдік тіркеумен жүрген Toyota Camry көліктері аяқасты қымбаттай бастағаны байқалды. Жаңалықтан кейін шетелден әкелінген көліктің иелері бағаны күрт өсірді. Әрине, жұртты айыптай алмаймыз, халықтың сұранысындағы Toyota Camry көлігінің 40-тық шанақтағы нұсқасының шыққанына да 15 жылдан асып барады. Соған қарамастан қазір кемі 7 миллион теңге сұрайды. Осыдан кейін азаматтар шетелге шапқылайтыны түсінікті жайт. Не десек те, бізде ғана емес, қазір әлем елдерінде автокөлік нарығында баға шарықтап барады. Сондықтан автосарапшылардың көбі бюджеттік сигментте болса да жаңа көліктердің көбейгенін жөн санайды.

– Қазір қытайлықтар бағасына сай автокөліктер ұсынуда. Бұрынғыдай емес, олар да көлік өндірісінде біршама жетістікке жетіп, технологияларды игеріп, танымал брендтерде жұмыс істеген мамандарды алдыртты. Келешекте қалай десек те қытайлық көліктер нарықтың басым бөлігін жаулайды. Ал ескі көліктердің мәселесі көп екенін иелері жақсы біледі. Соған қарамастан сұраныстан түспей тұрғаны халықтың қаржысына байланысты, – дейді автосарапшы Олжас Оқас.

Қалай болғанда да автонарықта таңдаудың көбейгені – жақсы үрдіс. Дегенмен саладағы отандық өндірісті де шет қалдырмаған абзал. Қазір Оңтүстік Корея елінің брендтері Қазақстандағы зауыттарын көбейтуге ниетті. Әрине, барлық бөлшегі түбегейлі елімізден шықпайды. Әйтсе де бұл елдің 50 жыл бұрынғы тәжірибесін ұмытпаған дұрыс. Бастапқыда көліктерді құрастыру ісімен ғана айналысқан ел қазір әлемдік автонарықта бәсекелесе алатын алпауытқа айналды. Осылайша біз де автонарықты ақырындап игере алар едік.



**Кейінгі жылдары Қызылорда облысы жақсы жобаларды, бастамаларды іске асырып келеді. Қазіргі таңда өңірдің инфрақұрылымы мен экономикасы артуда. Биыл Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Жақында Сыр еліне келген Мемлекет басшысы өңірдің дамуына жоғары баға берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еңбек адамдарымен кездесуде: «Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер дала академигі Ыбырай Жақаевтың даңқты ісін жалғастырып жатырсыздар. Сондықтан мен сіздерді әрқашан қолдаймын» деді. Президент өңірдің күріш өндірісімен танысып, фермерлер мен шаруалардың еңбегіне табыс тілеген болатын.**

# ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС САБАҚТАСТЫҒЫ

Облыс бойынша ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімінің 63 пайызы өсімдік шаруашылығының үлесінде. Аймақта соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқынды дамуда: 400 мыңға жуық ірі қара, 732 мың қой мен ешкі, 216 мың бас жылқы, 60 мыңға жуық түйе басы бар.

Сонымен қатар, балық шаруашылығы кластері қолға алынған. Қазіргі кезде 10 балық зауыты жұмыс жасайды. Облыста 2030 жылы жоспар бойынша 16 балық өсіру және 12 тоған шаруашылығы іске қосылып, 16 мың тоннаға жуық тауарлы балық өндіру көзделген, яғни аймақтың болашақтағы экспорттық әлеуеті де арта түспек.

Ауыл шаруашылығымен 13 мыңнан астам агроқұрылым айналысады, соның ішінде 97 пайызы – жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары. Бұл – Қазақстандағы күріш өсіруге мамандандырылған бірден-бір аймақ.

Соңғы үш жылда, орта есеппен алғанда, күріш алқабы 84 мың гектарға, өнімділігі бір гектардан 53 центнерден айналып, оның жалпы өнімі 450 мың тоннаға жетті. Бұл жаман көрсеткіш емес.

Күріштің әйгілі «Ақмаржан» сорты бүгінде республикамыздың әрбір адам санына шаққанда, 13 келі тиесілі екен. Сыр өңірінде атақты, танымал кәсіпкерлер жеткілікті. Ғалым-селекционер Құрманбек Бәкірұлының ерен еңбегін айта кету керек. Бүгінгі күні Ыбырай Жақаев атамыздың жолын қуған ізбасарлары «Абзал және К» компаниясының басшысы Абзал Ералиев, «Таң ЛТД» компаниясының директоры Имамзада Шағыртаевты айтуға болады.

Қазақстанға күріш сорттарының 90%-ы әртүрлі жолдармен Ресей Федерациясынан келеді. Алайда отандық сорттарымыз және оның селекциясы, тұқым шаруашылықтарына, жаңа технологиясына ерекше қолдау қажет. Мысалы, отандық «Сыр сұлуы», «Айсара» сорттары бәсекеге өте қабілетті, тек оларды көбейтетін тұқым шаруашылықтарына мемлекеттік қолдау керек. Осы орайда отандық күріш дақылының дамуына Серікбай Өмірзақов, Лаура Тохетова, Әсет Тоқтамысов, т.б. ғалымдарымыздың ерен еңбегін айта кету керек деп санаймын.

Жақында Астана қаласында өткен ҚР Парламенті Мәжілісінің Аграрлық комитеті отырысында ауыл шаруашылығы бағытындағы ғылыми-зерттеу институттарының, сонымен қатар, Кеңес одағы кезінде үш ғылыми-зерттеу институттарының бірі болған, 90 жылдық тарихы бар Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы институты проблемасын көтерген болатынмын. Қазақстанның күріш өндіру бойынша тарихи әлемдік позициясын жоғалтуы бізге үлкен сын екенін айттым.

Бүгінде облыста әртараптандыру жұмыстары күшейтілді, ылғал көп қажет етпейтін дақылдардың алқаптары кеңеюде. Кейінгі жылдары елімізде ауа райының өзгеруіне байланысты жылдық жауын-шашынның түсім мөлшері азайып, қуаңшылық орын алып отыр. Сондықтан жалпы су мәселесіне Мемлекет басшысы мен Үкімет ерекше назар аударуда. Бұл – тек бізді ғана емес, көптеген елді толғандырып отырған өзекті мәселе.

Осы орайда Қазақстан Республикасында халықты, экономиканы және табиғи нысандарды тұрақты сумен қамтамасыз ету бойынша 2050 жылға дейінгі ғылыми-қолданбалы инновациялық стратегиясы әзірленді. Бұл бағыттағы өзекті мәселе – Сырдария өзенін «Көксарай» су қоймасымен реттеу. Өзбекстан мен Қырғызстан мемлекеттері өз ұлттық бағдарламаларын орындау мақсатында бұрынғы қабылданған суды пайдалану бойынша мемлекетаралық интеграциялық принциптерін өзгертті. Осыған байланысты Қазақстан ұзақ мерзімдік және оперативті режимде су ресурстарын тұрақты, тиімді пайдалану амалдарын іске асыруы қажет.

Қызылорда облысы мен оның агроөнеркәсіп кешенін сумен қамтамасыз ету мақсатында су қорын тиімді қолдану, жалпы судың фильтрациясын азайту, су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы осы күрделі мәселені шешуде. Бұл өңірдің агроөнеркәсіп кешені ел экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

Агросаланы инновациялық жолмен жедел дамыту үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты аграрлық ЖОО, ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе шаруашылықтарының көпжылдық ізденістері нәтижесінде жаңа технологиялар, су ресурстарын үнемдеу, орман алқаптарын дамыту, ауылшаруашылық дақылдары, бәсекеге қабілетті бау-бақша сорттары мен түрлері, өсімдіктер, мал түлігін аурулардан, зиянкестерден қорғау, балық өнімдерін өңдеу, мал және балық жемдерін жасаудың тиімді технологиялары, шикізаттарын қайта өңдеу амалдары көптеп әзірленген.

Ауыл шаруашылығы ғылым академиясына 174 белгілі академик-ғалым мүше болғандықтан, академияның бүгінгі миссиясы – ғылыми бағыттағы әлеуетті біріктіріп, оны сүйемелдеу, қолдау арқылы озық отандық инновацияларды өндіріске енгізу, АӨК тиімділігін арттыру, кәсіпкерлердің біліктілігі мен технологиялық мүмкіндіктерін дамыту.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым академиясының «Қызылорда» орталығы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты негізінде ашылғалы отыр. Мұның өз себебі бар. Мысалы, Қызылорда облысы көпсалалы ауыл шаруашылығымен айналысатын өңір болғандықтан, ең күрделі мәселелер де осы өңірде деуге болады. Нақтырақ айтсақ, су тапшылығы, топырақтың тұздануы, құнарсыздануы, өнім сапасының төмендеуі, мал басының саулығы және тағы басқа қордаланған мәселелер байқалады. Ғылыми зерттеулер мәліметіне сүйенсек, біз өндірілген өнімді (өсімдік түріне байланысты) 15 пайыздан 30 пайызға дейін жоғалтады екенбіз. Осы орайда тасымалдау, сақтау және қайта өңдеу жұмыстары да – басты мәселе. Ерекше көңіл бөлетін жайт – өндірілген өнімді өңдеу кәсіпорындарының жұмысын жандандыру. Экспортқа шикізатты шығарудан гөрі, терең өңделеген өнім шығару экономикалық тұрғыдан тиімді екенін білесіздер, яғни, қосымша құны жоғарылайды. Тағы бір мәселе – өндірілген өнімдерді сақтау қоймаларының жетіспеушілігі.

Қызылорда облысы агросаласындағы проблемалардың ғылыми жолмен тиімді шешімін табу мақсатында академия ғалымдары бірнеше өзекті жобаларды нәтижелі атқарды және алдағы жылдары өз жалғасын табады деп сенеміз. Мысалы, Өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты ғалымдары «Қауын шыбындарынан қорғаудың қауіпсіз жүйесін сынау», «Шегірткелерге қарсы отандық биопрепаратты енгізу», «Ақмая» пилоттық шаруашылығының базасында ауыл шаруашылығы өндірісін цифрландыру элементтерін енгізу» тақырыптарында нәтижелерге қол жеткізді.

Ветеринария ғылыми-зерттеу институты «Жылқы хеликобактериозын диагностикалау мақсатында иммуноферменттік тест-жүйесін әзірлеу», «Малдың жұқпалы ауруларына мониторинг жасау және олардың алдын алу шараларын ұйымдастыру» жобаларын орындап келеді. Сонымен қатар, ветеринария саласының ғалымдары бруцеллездің індеттік жағдайын нақты анықтау, орындалып жатқан жалпы және арнайы шараларды объективті бағалау үшін толыққанды, жан-жақты мониторингтік зерттеулер жүргізбекші. Соның нәтижесінде малдың (табын, отар, үйір, т.б. бойынша), әкімшілік территориясы (ферма, ауылдық аймақ, т.б.) сертификацияланады, олардың бруцеллезден статусы анықталады. Мониторингтік зерттеулер негізінде мал бруцеллезі бойынша облыстың, аудандардың, ауылдық округтің нозогеографиялық картасы жасалып, аймақ 3 класқа бөлініп, (Таза, А, Б, С), статусына байланысты 1 жылдық арнайы шаралар схемасы ұсынылады. Осы бағытта академия ғалымдары ветеринария мамандарының біліктілігін арттыруға дайын.

Жеміс-көкөніс ғылыми-зерттеу институты отандық көкөніс дақылдары және картоп селекциясын жасап, Қызылорда жағдайына бейімделген отандық сорттарды, отандық дақылдарының шөлге төзімді сорттарын шығару мәселелерімен айналысып келеді.

Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ғалымдары «Су үнемдеу технологияларын әзірлеу», «Күріш дақылын өсірудегі суару жүйелерінің тиімділігін арттыру», т.б. инновацияларды зерттеп енгізуде.

Топырақтану ғылыми-зерттеу институты ғалымдары «Тұзданған сортаң топырақтарды мелиоранттар арқылы сапасын жақсарту», «Тұздану дәрежесі жоғары аймақтағы топырақтарды егіншілікте пайдалану» тақырыптары бойынша жұмыс атқарды.

Қазақ өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты ғалымдары ауыл шаруашылығы және көкөніс шикізатын терең өңдеудің жаңа технологияларын, өсімдік және ет өнімдерінің жаңа түрлерінің технологиясын әзірледі, мал және балық жемдерін жасаудың тиімді технологияларын ұсына аламыз.

Агроинженерия ғылыми-зерттеу институты ғалымдары күрішті өсіру кезінде топырақты минималды өңдеу технологиясына арналған шығындарды 30-50% төмендететін «КПН-4» қопсытқыш-тегіс кескіш дайындап, қазіргі кезде облыста біздің 15 машина жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар су шығынын 60%-ға дейін азайтуға мүмкіндік беретін тамшылатып суару таспасын төсеуге арналған чизельді тереңдеткіш бар.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Арал өңірі жағдайында жайылымдық жерлерді қалпына келтіру тәсілдерін әзірледі. Жемшөп дақылдарын өсіруде органикалық тыңайтқыштарды қолдану арқылы өнімділікті 15%-ға арттырды.

Академия ғалымдарының жобалары аясында Аралдың құрғаған табанындағы тұзды тұрақтандыру мақсатында соңғы 25 жылда 185 мың гектардан астам жерге сексеуіл көшеттері отырғызылды. Осы жұмыстар жақсы жолға қойылғаны бәрімізге белгілі.

Ғылыми жобалардың арнайы каталогы жасалды, академик-ғалымдардың мамандығы бойынша жобаларды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы және аудандық бөлімдермен бірлесіп нақты қарастыратын боламыз.

Әрине, көптеген сұрақ қаржы мен тиімді менеджментке, тиімді басқару жүйесіне тікелей байланысты. Дегенмен, бұл мәселелерді кешенді шешу үшін төмендегідей мәселелерді бірге қолға алуды ұсынамыз:

- заңнамаларға ғылыми тұрғыда негізделген тиімді механизмдерді әзірлеп ұсыну (салық түрлері мен олардың көлемін азайту, кооперация, өңдеу, несие беру механиздерін дамыту туралы бірге ұсыныстар дайындау);
- мемлекеттік қолдау құралдарын дамыту, оның үлестіруі ашық және өз кезінде атқарылуы (цифрландыру, сақтандыру механизмдерін жеңілдету, ауыл-аймағының даму перспективаларына, экологиялық жағдайына байланысты жедел қолдау механизмдерін ұсыну, т.с.с.);
- агросалаға отандық және шетелдік инвестицияларды тарту (жер қойнауын пайдаланушылармен (недропользователи) бірге агросалада жобаларды іске асыру, су үнемдеу технологиялары саласына байланысты шетел тәжірибелерін тарту, т.с.с.);
- әлемнің жетекші елдерінің тәжірибесін ескере отырып, білім мен озық технологиялардың өндіріске жетуіне ықпал жасау, ғылыми жаңалықтарды жеткізіп отыру мақсатында Қызылорда облысының әр ауданында кәсіпкерлерді қолдау орталықтарымен бірге білім тарату офистерін ашу (аудандағы «Атамекен» ҰКП жүйесі, колледж, мектептер базасын қолдану);
– академияның «Қызылорда» орталығының басты мақсаттарының бірі – экстеншн жүйесін дамыту, фермерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру.

Осы мәселелерді қолға алу үшін біз Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы ғылым академиясының мүмкіндіктерін жұмылдыратын боламыз. Бұл агроөнеркәсіп саласының инновациялық жолмен дамуына өз үлесін қосады. Ғалымдар мен өндіріс мамандарының ынтымақтастығы өте маңызды шешімдерге серпін береді деп сенеміз.

**Тілектес ЕСПОЛОВ,**
**ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым академиясының президенті,**
**ҚР Ғылым және техника саласының Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,**
**ҚР ҰҒА академигі**

85 JYL QYZYLORDA OBLYSYNA



# ЖОЛ-КӨЛІК: ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖЕТЕРЛІК

Мынадай бір қызық дерек бар. Облыстық архив қоры және «Сыр бойы» газетінен алынған мәліметке сүйенсек, 1930 жылы қоғамдық жүк көлігі Қызылорда, Қазалы, Арал және Тереңөзекте қызмет көрсете бастаған. Ал 1937 жылы жергілікті артельдер Оңтүстік Қазақстан облыстық транспорты Қызылорда бөлімшесінің құрамына еніпті. Сол уақытта бөлімшеде 8 ат, 3 түйе, 6 ағаш арба, 4 ат арба және рессорлы тарантас болған екен. Бұл – өңірге автомобиль келмеген кез. Облыс статусын алған соң Қызылорда қаласында тұңғыш автокөлік пайда болған.

Осылайша 85 жылдық тарихы бар аймақтағы транспорт саласы талай даму жолынан өтті. Теміржол қатынасымен қатар, жергілікті жолдардың жақсаруы ел арасындағы байланысты нығайтты. Көптеген өзгерістің арқасында жолаушылар мен жүк тасымалдау парктері жаңа техникалармен толықты. Халықаралық және облысаралық маршруттар тұрақты жұмыс істеп, әуе қатынасының қызметі жанданды.

## Көлік саласындағы толағай табыс

Тарихты аз-кем жалғастырсақ. 1939 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен Қызылорда автотресі ұйымдастырылды. Ал 1940 жылдан бастап облыстық автомобиль транспорты болып қайта аталған. Соғыс жылдарында сала айтарлықтай дамымаған. 1945 жылдары осы мекемеде 4 жүк таситын «ЗИС-5», «ГАЗ-1А» полуторка машинасы, 8 ат жеккен арба болса, 50-жылдардан бастап көлік саны едәуір өскен. 1955 жылы облыстық автопаркте 276 машина болыпты.

Осы жылдары көлік саласын дамыту үшін Қызылордада №9 бөлім ашылады. Алғашқы басшысы болып Т.Байтөкенов, бас инженері М.Маханов және орынбасары қызметіне Г.Ким тағайындалған. Бұл – алғашқы жүк және жолаушылар автобазасының құрылған кезі.

Салаға арналған «Тарих сыр шертеді» атты тарихи-танымдық энциклопедияда «1960 жылы облыс экономикасының барлық саласы қарқынды дамыды. 1973 жылдан бастап аймақта соңғы үлгідегі, техникалық жағынан жетілдірілген «КАМАЗ» көліктері халық шаруашылығы жүктерін тасымалдай бастады. 1976 жылы Қызылорда қаласындағы АТП-1 мен АТП-3 мекемесі бірігіп, құрамында 750 автокөлік, 320 тіркеме, 6 автоколонна және 1 жөндеу шеберханасы бар ірі автокомбинат құрылды. Жалпы облыстық автотранспорт саласында өткен ғасырдың 1970-1990 жылдары 6 мыңдай адам жұмыс атқарды. Олар ел дамуына үлес қосып, көлік саласына көп еңбек сіңірді. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңде Қызылорда қаласынан Жосалыға дейін тұрақты автобус қатынасы болса, бүгінде барлық аудан орталықтарымен қоғамдық көлік қатынасы ашылған» деп жазады сала ардагері, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Нұрқышұлы.

Қазір облыста 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 205 автобус маршруты ұйымдастырылған. Оның ішінде аудан немесе қалааралық 71, аудан орталықтарында 101 және Қызылорда қаласы мен оған жақын елді мекендерге 33 маршрут қатынайды. Сонымен қатар, халықаралық Ташкент және облысаралық Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе және тағы басқа қалаларға үлкен сыйымдылықтағы 13 автобус жүреді. Осы маршруттарда 30-дан астам заңды және жеке тұлға әртүрлі сыйымдылықтағы 1405 автобуспен жолаушыларға қызмет көрсетеді. Бір ғана мысал, жыл басынан бері 15,5 млн жолаушы тасымалданыпты. Сондай-ақ, қазір облыс орталығы мен аудандарда 2 автовокзал, 9 автостанса жұмыс істейді.

Қуанышты жаңалықтың бірі – Қызылорда қаласында салынып жатқан заманауи үлгідегі автовокзал құрылысы. Құны 975 млн теңге болатын ғимарат биыл желтоқсан айында аяқталмақ. Онда 15 адамға тұрақты жұмыс орны ашылады.

> ✓ Облыс орталығында жүретін қоғамдық көліктің 80 пайызы жаңартылған. Жалпы өткен жылдан бері «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамы арқылы 7 пайыздық лизингпен өңірге 300 автобус келуі тиіс еді. Былтыр 150 автобус алынып, биыл тағы да 150 автобусқа тапсырыс берілген. Қазір 50 автобус жеткізілсе, қалғаны жыл аяғына дейін әкелінбек.



Бүгінде облыс аумағынан жүк тасымалдайтын тауарлы вагондардан бөлек, 14 жұп жолаушы пойызы тұрақты қатынауда. Оның ішінде облыс орталығынан Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына бағыт ұйымдастырылған. Әлеуметтік маңызы бар №6843/6844 «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» жолаушылар пойызы аймақтың оңтүстік бағытындағы 26 елді мекенді көлік қызметімен қамтиды. Жыл басынан бері теміржол арқылы 18,5 мың жолаушы тасымалданған. Айта кетсек, қазір Қызылорда қаласының теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Бұл жобаға «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы арқылы 322 млн теңге, ал жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінген.

Ал «Қорқыт ата» әуежайынан аптасына 23 тұрақты рейс қатынайды. Оның ішінде Астана қаласына 12, Алматыға 11 рейс бар. Аталған әуе бағыттарына «AirAstana», «Fly Arystan» және «Qazaq Air» әуе компаниялары қызмет көрсетеді. Қазір теміржол мен облысаралық автобустардан бөлек, ұшаққа жиі мінетіндердің саны да жылма-жыл артып келеді. Мысалы, жыл басынан бері біздің әуежайдан 113,8 мың жолаушы жөнелтілген. Бұл былтырғымен салыстырғанда 19 пайызға жоғары.

Жоғарыда айтқан жаңа автовокзалдан бөлек, жеке инвестор, меценат, жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қоры арқылы «Қорқыт ата» әуежайындағы жаңа жолаушылар терминалының құрылысы жүріп жатыр. Қазіргі қолданыстағы ғимарат халықаралық талапқа сай емес. Себебі, терминал бұрынғы ангар ғимаратынан бейімделген.

Жаңа терминал құны шамамен 15,7 млрд теңгені құрайды. Қазір қала әкімдігі арқылы әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын жеткізу жұмыстары жүруде. Бұған облыстық бюджеттен 4,3 млрд теңге қаржы қаралған.

– Терминал құрылысы биыл ақпан айында басталды. Алдағы 2024 жылдың мамыр айының аяғында, яғни, жоспардан 4 ай бұрын пайдалануға берілмек. Бұл нысанның құрылысы бірқатар көлік көрсеткіштерін шамамен 1,5 есеге арттыруға мүмкіндік бермек. Алдағы уақытта еліміздің басқа өңірлері мен алыс-жақын шетелдерге әуе қатынасын ашу жоспарда бар. Нәтижесінде, әуе көлігімен жолаушылар тасу 130 мыңнан 200 мың жолаушыға дейін ұлғаяды. Жүк тасымалдау көлемі жылына 150 тоннадан 240 тоннаға дейін артады деп жоспарлануда. Сондай-ақ жаңа терминал халықаралық стандартқа сай болады. Жалпы бұл жоба – әуе көлігі қызметін халықаралық деңгейге жеткізуге үлкен мүмкіндік, – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов.

## 3500 шақырым жол мен көше жөнделді

Жалпы республика бойынша 96 мың шақырым автожолдың ішінде біздің Қызылордаға тиістісі 3420 шақырымға жуық. Оның ішінде республикалық 1014,5, облыстық 555 және аудандық маңыздағы жол ұзындығы 1849 шақырымды құрайды. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі мен «Қызылорда-Жезқазған» жолы республикалық мәртебеге ие. Ал былтыр облыстағы жолдың индикаторлық көрсеткіші 82 пайызды құрады.

Жалпы кейінгі 10 жылда облыста 3546 шақырым автомобиль жолы мен қала, кент және елді мекендер көшелері жөнделген. Сондай-ақ осы уақыт ішінде аймақта 35 көпірге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Нақты мысал келтірсек, Қазалы ауданындағы Сырдария өзені «Әлсейіт» учаскесіндегі көпір, қаланың сол жағалауындағы Ғ.Мұратбаев көшесіндегі көпірден «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автотрассасына дейін 4,9 шақырым болатын магистральді көше, «Самара-Шымкент-Тереңөзек» автожолындағы Сырдария арқылы өтетін көпір,







«Қызылорда-Әуежай» жолының қайта жаңғыруы, Шиелі кентіндегі теміржол арқылы өтетін және қаланың сол жағалауына кіретін «Шіркейлі» көпірі кейінгі уақытта қатынасқа оң ықпалын тигізуде. Бұдан басқа, «Қызылорда-Жалағаш» бағытындағы жолдың жөнделуі, «Бәйтерек» ауданына «Қызылжарма» каналы арқылы көпір салу, Бейбарыс сұлтан көшесінің «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейін 4,2 шақырымын қайта жаңғырту қала ішіндегі көлік қозғалысына тиімді болып отыр.

Биыл жол инфрақұрылымына республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 36 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұл – былтырғыға қарағанда екі есе көп сома. Бұған ұзындығы 569 шақырым автожол, көшелер және көпірлер жөнделуде. Енді қаржы толық игеріліп, биыл бітуі тиіс жол құрылыстарын уақытында аяқтап, облыс пен аудандық маңыздағы жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы индикаторлық көрсеткішін 87,5 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Иә, биылғы жобалардың қатарында үш жыл бұрын басталған, құны 5,6 млрд теңге болатын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автобанындағы көлік айрығының құрылысы бар. Жақында құрылысы аяқталмақ. Сондай-ақ Қазалы ауданындағы Сырдария өзенінің арғы бетіндегі 8 ауылды орталықпен байланыстыратын «Қарлаң» көпірін салу жұмыстары жалғасуда. Облыс орталығы мен ауданға қарасты ауыл жолдарын, ішкі көшелерін жөндеуге бөлінетін қаражат та жоғарыда айтқан миллиардтардың ішінде.

## Жол мұраты – жету

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сыр еліне сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысымен таныстырған еді. Сапар барысында аймақ басшысы инфрақұрылымға қатысты жаңа өзгерістерді Президентке баяндаған болатын. Атқарылып жатқан әуежай құрылысынан бөлек, жаңа автовокзалдың жыл соңында аяқталатынын, жылу-электр станциясы жобасын тілге тиек етті.

> ✓ Қуаныштысы, ел-жұрт жиі көтеретін күрмеулі жайдың бірі – «Қызылорда-Жезқазған» жолы мен біздің аймақты кесіп өтетін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің басты мәселесі шешілді. Соңғы айтып отырған жолдың кемшілігі Ақтөбе облысына дейін екі жолақты етіп салынуы болатын.

– Өзіміздің қолдауымызбен былтырдан бері «Қызылорда-Жезқазған» жолының құрылысы басталды. Екі облыс арасы 424 шақырым. Ал оның ішінде Қызылорда аумағындағы автомобиль жолының ұзындығы – 216 шақырым. Қазір шекараға дейінгі жол құрылыстарының 30 пайызы аяқталып, жыл соңына дейін 104 шақырымды бітіру көзделген. Екінші мәселе – Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының 566 шақырымын І санатты 4 жолақтыға ауыстыру. Биылғы Жолдауда берген тапсырмаңызға орай, Көлік министрлігі бұл мәселе бойынша 566 шақырым жолды қайта жаңғырту, яғни, төрт жолақтыға ауыстыру жұмыстарына жобасметалық құжаттар келесі жылдан бастап әзірленетінін жеткізді. Бұл республикалық маңызы бар екі жолды қайта жаңғырту тек біздің аймаққа ғана емес, көрші облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер бермек, – деген еді Президент сапарында Нұрлыбек Машбекұлы.

Дәл осы кездесуде Президент жолдың тым тар екенін айтып, барынша назарда ұстауды Премьер-министрдің орынбасары Роман Склярға нықтап тапсырды. Сырбойылықтар бұл жаңалыққа қатты қуанды.

Аталған жолдың жобалық құны 1 трлн теңгеден асады. Бүгінде Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысына дейінгі аралықта жеңіл және ауыр жүк көліктерінің саны артқан. Тәулігіне 10 мыңнан көп. Бұрын бір күнде 5-6 мың машинадан аспаса керек. Қазір адам шығыны мен жол-көлік оқиғалары едәуір артып отыр.

Ал Ұлытау облысымен шектесетін «Қызылорда-Жезқазған» жолының өңірге тиесілі 216 шақырымына 6 лот бойынша конкурс жарияланса, бесеуінің мердігері белгілі болды. Төртеуін қытайлық компания, қалған бір лотты ұтқан жергілікті жол салушы мердігер – «Қыран» ЖШС. Еуропалық қайта құру және даму банкі арқылы қаржыландырылады, тапсырыс беруші – «ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамы.

Иә, Мемлекет басшысының тапсырмасымен басталған жол құрылысы 2022-2025 жылдар аралығын қамтитын болады. Құрылыс аяқталса, жол жүру уақыты да қысқаратыны белгілі. Мысалы, қазір Астанаға 20 сағаттан астам уақытта барсақ, жаңа жолмен 11 сағатта жетуге болады. Көлік саны артып, жолаушылар тасымалы да қалыпқа түспек.

Көлік қатынасына өте қажет – жол құрылысын айта келіп, оның сапасына назар аударатын құрылым жайлы да ұмытпасақ дейміз. «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» деп аталатын құзырлы мекеме төрт жыл бұрынғы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан соң жұмысын бастады. Біздің облыста филиалы бар. 2019 жылдың наурызында Үкімет қаулысымен құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорынның негізгі міндеті – республика аумағында салынып жатқан немесе жөнделіп, жаңартудан өткен автожолдардың сапасын сараптау. Жол қалай салынды, қалыңдығы, ұзындығы мен ені құжат бойынша сәйкес пе, асфальт құрамы, битум сапасы, бәрін-бәрін арнайы зертханада анықтап, қорытындысын бере қояды. Бүгінде «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» облыстық филиалы ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, мемлекет қолдауымен заманауи автоматтандырылған зертханаға қол жеткізді. 200-ден астам жол сапасын анықтауға қажетті зертханалық сынаққа арналған құрал-жабдықтар алынған. Бұл мамандардың жұмыс өнімділігін арттыруға үлкен көмек болып отыр.

**Сөз соңы.** Ұлы Жібек жолынан бастау алатын, ел мен елді байланыстырып, сауда-саттық, мәдени қатынасқа арқау болған жол-көлік саласының негізгі бөлігі Сыр өңірінде десек қателеспеспіз. Бірнеше жыл бұрын салынған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолы аймақ экономикасының гүлденуіне оң әсерін беріп келеді. Сонымен қатар, Өзбекстанмен байланыстыратын мемлекетаралық «Үшқұдық-Қызылорда» теміржолы мен автожолы салынса, өңірдің көлік логистикасы әлеуеті бұрынғыдан да артар еді. Әлі де жоғарыда айтқандай, жаңа басталған жобаларды ел игілігіне жаратсақ, өңір өркендеуіндегі ірі қадам болары анық. Заман өзгерістеріне сай әр саланың дамуын ескерсек, облыстағы жолшылар мен көлік саласы қызметкерлерінің көтерген жүгі ауқымды әрі ауыр. Ел шежіресінде қатталған, сан жылдар бойы аймақ дамуындағы жетекші рөл атқарған жол мен көлік саласындағы толағай табыстар әлі де жалғасын таба беретініне сенімдіміз.

1-бет

ЖОБА

## Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі №636 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29766 болып тіркелген);

2) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 636 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №63 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8385-11 болып тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев**

ЖОБА

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16137 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1-тармағы 2023 жылғы 1 қыркүйегінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

**Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «__» _________ № ____ қаулысына 1-қосымша

### Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Елді мекен | Тәрбиеленушілер саны * | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында | 9 сағаттық болу режимі бар топта | 10,5 сағаттық болу режимі бар топта | түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта | туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта |
| ауыл | 29900 | 27686 | 65832 | 72099 | 110826 | 134608 |
| қала | 27617 | 24949 | 60359 | 65942 | 100564 | 121780 |

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы «__» _________ № ____қаулысына 2-қосымша

### Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

| Елді мекен атауы | Тәрбиеленушілер саны * | Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге) | Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге) |
|---|---|---|---|
| Қызылорда | 26233 | - | - |
| қала | 23914 | 13500 | 14500 |
| ауыл | 2319 | 13500 | 14500 |
| Арал ауданы | 4502 | - | - |
| қала | 2413 | 7000 | 8000 |
| ауыл | 2089 | 6000 | 7000 |
| Қазалы ауданы | 3677 | - | - |
| қала | 252 | 9900 | 11000 |
| ауыл | 3425 | 12500 | 13000 |
| Қармақшы ауданы | 4200 | - | - |
| қала | 1038 | 10000 | 10000 |
| ауыл | 3162 | 6000 | 7000 |
| Жалағаш ауданы | 3268 | - | - |
| ауыл | 3268 | 6000 | 7000 |
| Сырдария ауданы | 2185 | - | - |
| ауыл | 2185 | 6500 | 7500 |
| Шиелі ауданы | 7064 | - | - |
| ауыл | 7064 | 6000 | 8000 |
| Жаңақорған ауданы | 6388 | - | - |
| ауыл | 6388 | 6000 | 8000 |

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.




# «ЖҮРГЕНОВ ЖЫЛЫ» ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Биыл Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толуына орай Мемлекет басшысының тапсырмасымен республиканың барлық аймағында ұлт қайраткерінің мерейтойы аталып өтті. Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымы 2023 жылды «Темірбек Жүргенов жылы» деп жариялағаны белгілі. Осы орайда, есімі мен еңбегі қазақ халқына ғана емес, Орта Азия халықтарына ортақ бірегей тұлғаны ұлт болып ұлықтау іс-шараларын халықаралық, республикалық деңгейде ұйымдастыру қолға алынды. Атаулы жылға орай аймақта да Темірбек Жүргеновтің өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында бірқатар ауқымды шаралар ұйымдастырылды.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА,**
**«Сыр бойы»**



«Темірбек Жүргенов жылы» Қазақ ұлттық өнер академиясының «Темірқазық» атты мерейтойлық концертімен туған жерінде Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында қорытындыланды. Өңірге шығармашылық сапармен келген Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ұжымына облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов аймақ басшысының құттықтауын жеткізіп, ықылас гүлін табыстады.

– Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойын «ТҮРКСОЙ» деңгейінде атап өту аясында елімізде және шетелде ауқымды шаралар үйлестірілді. Ұлт қайраткерінің мерейтойы туған жері Сыр елінде де кеңінен тойлануда. Мәдени шаралардың легін жалғап, өңірімізде өнер мерекесін ұйымдастырғандарыңыз үшін алғыс білдіремін, – делінген құттықтауда.

Салтанатты шарада Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, ректордың міндетін атқарушы Шыңғыс Ергөбек Сыр жұртшылығына ризашылығын жеткізді.

– Академиямыз Жүргеновтің атында болғандықтан біз Сыр елінің өнері мен мәдениетіне немқұрайлы қарауға хақымыз жоқ. Жыл бойы өткен шараның қорытынды концертін туған топырағында өткізуіміздің сыры да осында жатыр. Қазақ ұлтының біртуар ұлының үлкен жетістігі – оның мерейтойының халықаралық деңгейде атап өтілуінде. Бұл тұрғыдан алғанда өнер академиясы биылдың өзінде 40-тан астам әртүрлі шараны жүзеге асырды. Оның ішінде ғылыми конференциялар, фестивальдар, театрландырылған қойылымдар, Жүргенов жылының ашылуы және қорытынды концерті. Қорытынды концертті өткізумен жүргеновтануға нүкте қоймаймыз. Себебі, оның еңбегі ұлт тарихында өшпес із қалдырды, – деді.

Концерттік бағдарлама Алаш арыстарының бейнесі сомдалған бейнероликпен басталды. Одан кейін Венера Алпысбаева мен хор ұжымының орындауындағы «Гәкку» ариясына жалғасты. Шарада академияның «Хореография» факультетінің бишілері «Шашу» биін билеп, көрермен ықыласына бөленді. Ұлт жанашырын поэзияға арқау еткен академияның 3-курс студенттері де өз өнерлерін ортаға салды.

Рухани шарада Алмас Алматов, Талғат Абдулғазы, Айгүл Қосанова ән-жырдан шашу шашты. Мерекелік кеште академияның гимні орындалып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәкен Майғазиев «Елім-ай» әнімен қорытындылады. Әсем ән әуелеген мазмұнды шараның жоғары деңгейде өткенін көрермен залында ине шаншар орын табылмағанынан байқадық. Осылайша Сыр өңірінде ұлт зиялысы, қазақ өнері мен мәдениетінің, білімінің шоқжұлдызы Т.Жүргеновтің мерейтойы қорытындыланды.

***

Мерекелік концерттен бұрын облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы Сәби Аңсат, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, ректордың міндетін атқарушы Шыңғыс Ергөбек журналистерге арнап брифинг берді. Онда жыл бойы атқарылған іс-шаралар мен алдағы мақсат-міндеттер айтылды. БАҚ өкілдері қойған сауалдарға жауап беріліп, еркін пікір алмасу болды.

# САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН ӨЗГЕРТУ НЕМЕСЕ БӨЛІП ТӨЛЕУ МҮМКІНДІГІ ЖАЙЛЫ

***Төлеу мерзімін өзгерту ҚР Салық кодексінің қай баптарымен реттеледі?***

ҚР Салық кодексінің 49 және 51-баптарына сәйкес қалыптасқан берешек сомаларын бөліп төлеу үшін мүліктерін кепілдікке (жылжитын немесе жылжымайтын мүлік) қоя отырып немесе банктен кепілдік ала отырып, салықтарды төлеу мерзімін өзгертуге болады.

***Неше айға дейін бөліп төлеу мүмкіндігіміз бар?***

Салықтардың төлеу мерзімдері 36 айдан аспайтын мерзімге ұзартылады. Мемлекеттік кірістер органының талаптарына сәйкес, бұл мүмкіндікті пайдалану үшін салық төлеушінің өзінің немесе салық төлеушінің мүлкі болмаған жағдайда кепілдікке үшінші тұлғаның мүлкін қою (нотариалды) арқылы салық төлеуші мен мемлекеттік кірістер органы арасындағы келісім-шарт жасалып, қалыптасқан салық берешегін бекітілген төлем кестесіне сәйкес өтейді.

***Қазіргі таңда бөліп төлеу мүмкіндігін алып жатқан салық төлеушілер бар ма?***

Облысымызда 01.11.2023 жылғы жағдай бойынша 35 салық төлеуші (жалпы берешегі 1161,2 млн тг) бөліп төлеу мүмкіндігін алды, оның 550,2 млн тг өз мерзімімен өндірілді.

***Төлеу мерзімін өзгерту үшін қандай құжаттар керек?***

Салықтардың төлеу мерзімін өзгерту үшін кірістер органына келесі құжаттарды ұсынады:

1. Мүлікті бағалау есебі;
2. Мүлікті сақтандыру құжаты;
3. Мүліктің кепілде тұрмағандығы жөнінде анықтама.

ҚР Салық кодексінің нормаларымен салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту көзделген.

ҚР Салық кодексінің 51-бабының 2-тармағына сәйкес жеті негіз қарастырылған, олар салық төлеушіге салық төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту үшін өтінішпен жүгінуге мүмкүндік береді:

1) Салық төлеушіге еңсерілмейтін күштің (әлеуметтік, табиғи, техногендік, экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің өзге де мән-жайлары) нәтижесінде залал келтіру;

2) Салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өндіруі және (немесе) өткізуі маусымдық сипатта болады;

3) Дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмаған жеке тұлғаның мүліктік жағдайы (ҚР заңнамасына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлікті есепке алмағанда) салықты біржолғы төлеу мүмкүндігін жоққа шығарады;

4) Соттың берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдауы;

5) Салық төлеуші қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика саласына жатады;

6) Салық төлеушінің қосымша салық есептілігін табыс етуі;

7) Салық төлеушінің тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген есептелген салықтардың және (немесе) төлемдердің сомаларымен келісуі.

Осы тармақшаның ережелері салық төлеуші ретінде тіркелген күннен бастап мерзімін кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу туралы өтініш берген күнге дейінгі кезең бес жылдан кем болатын салық төлеушілерге қолданылмайды.

Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы өтінішке салық төлеуші қоса беретін құжаттардың тізбесі ҚР Салық кодексінің 51-бабының 3-тармағында көзделген.

«Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңында салық төлеушінің қалыптасқан берешек сомаларын бөліп төлеу және алты айдан аспайтын мерзімге бір мезгілде төлеу мүмкіндігі қарастырылған.

Тағы толық ақпарат қайдан аламыз және дайын болған құжаттар қайда өткіземіз?

Қосымша сұрақтарыңыз бойынша Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №23 ғимаратқа 100-кабинетке немесе 40-04-70 (ішкі 4212) байланыс телефоны арқылы жауап ала аласыздар.

**Алма АБДУМАНОВА,**
**Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің берешекпен жұмыс басқармасының басшысы**

# Дүние дүрмек

## ПАНДЕМИЯ АҚЫЛ-ОЙ ҚАБІЛЕТІНЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

Ұлыбританияда COVID-19 пандемиясы 50 жас пен одан асқан адамдардың ақыл-ой қабілетіне әсер еткені анықталды.

Сарапшылардың пікірінше, ақыл-ой қабілеті төмендеуінің кейбіріне күйзеліс, жалғыздық пен ішімдік ішу себеп болуы мүмкін. Олардың айтуынша, коронавирустан туындаған қорқыныш, мазасыздық, сенімсіздік пен күн тәртібі бұзылуының адам миына әсері болған.

Сондай-ақ зерттеу когнитивті қызметтің төмендеу қарқыны пандемияның алғашқы жылы, карантин шектеулері енгізілген кезде күшейгенін анықтады. Адамдардың есте сақтау қабілетінің нашарлауы пандемияның екінші жылы да жалғаса берген. Бұрын есте сақтау қабілетіне байланысты білінер-білінбес мәселелер болса, пандемия кезінде ушығып кеткен.

Брайтон және Сассекс медицина мектебінің деменция бойынша сарапшысы, дәрігер Дорина Кадар тұрғындарға пандемияның жалпы әсері туралы айтты. Ол қосымша зерттеу жүргізуді ұсынды. Өкінішке қарай, қазір деменцияның алдын алатын сенімді тәсіл жоқ, бірақ үнемі салауатты өмір салтын ұстанып, жүректің саулығын бақылап жүру қажет.

## КЕҢ ҚОЛДАНЫЛҒАН СӨЗ

Collins сөздігі 2023 жылы кең қолданылған сөз ретінде AI (artificial intellect - жасанды интеллект) аббревиатурасын таңдады.

«Осы жылы басты назарда жасанды интеллект және оның қалай дамығаны, біздің өміріміzге электронды пошта, стриминг немесе кез келген басқа футуристік және күнделікті технология сияқты енгені болды» деді Collins Dictionary басқарушы директоры Алекс Бикрофт.

Сөздік құрастырушылары жыл сөзі 20 миллиардтан астам сөзден тұратын Collins Corpus дерекқорын талдау нәтижесінде таңдалғанын хабарлайды. Онда әлемдегі веб-сайттарда, газеттерде, журналдарда және кітаптарда жарияланған материалдардан, сондай-ақ радио, теледидар арқылы таратылған хабарлар мен күнделікті әңгімелерде қолданылған сөздер қамтылған.

**«СБ» ақпарат**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«МАДИ ҚАЖЫ атындағы» ЖШС-нің қызметін жүйеге қою мақсатында, Серіктестік мүддесі жағдайларына байланысты «МАДИ ҚАЖЫ атындағы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы жиналысын ұйымдастыру қажеттілігі туындауда.

Осыған орай, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының талаптары бойынша «МАДИ ҚАЖЫ атындағы» ЖШС-нің жалпы жиналысына шақырамыз.

**Жиналыстың өтетін уақыты, орны мен күні:**

Жалпы жиналыс 09 желтоқсан 2023 жылы сағ. 10:00-де Сырдария ауданы, Ширкейлі ауылының мәдениет үйінде өтеді.

**Жалпы жиналыстың күн тәртібі:**

1. «МАДИ ҚАЖЫ атындағы» ЖШС-нің атқарушы органын сайлау;
2. Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша өзгерістерді құзыретті органда тіркеу бойынша өкілеттіктер беру туралы.

**Жалпы жиналыстың түрі:** Кезектен тыс

**Жалпы жиналысты өткізу тәртібі:** Регламент бойынша

ҚР Азаматтық Кодексі, «ҚР Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының нормалары басшылыққа алынды.

**«МАДИ ҚАЖЫ атындағы» ЖШС-нің құрылтайшылары (200 қатысушылары)**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДЫҢ ТӨЛЕНГЕН СОМАЛАРЫН ҚАЙТАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекеттік баждың төленген сомаларын бюджеттен қайтару жолдары салық төлеушілер тарапынан ең жиі қойылатын сұрақтардың бірі болып табылады.

Мемлекеттік кірістер органдары мемлекеттік баждың төленген сомасын қайтаруды салық төлеуші ұсынған салықтық өтініштің және тиісті мемлекеттік органның қайтарудың құқыққа сыйымдылығын растайтын құжатының негізінде жүргізеді.

Салықтық өтінішті ұсыну электронды түрде www.egov.kz «электрондық Үкімет» веб-порталы немесе Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушінің кабинеті» web-қосымшасы, сондай-ақ, «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады және мемлекеттік баждың төленген жері бойынша ұсынылады.

Қайтаруға арналған құжаттар мемлекеттік кірістер органына мемлекеттік баждың сомасы бюджетке төленген күннен бастап үш жыл мерзім өткенге дейін ұсынылуы тиіс.

Үш жыл мерзім өткеннен кейін мемлекеттік баж сомасы қайтарылуға жатпайды.

**Қызылорда облысы бойынша МКД**

## Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!




Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі Простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге маза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан елінде шығарылады. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдар болсаңыз, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомониаз деген бұрындары жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе **www. saulyktyn-syry.kz** сайты арқылы.
Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

**Тиімді ұсыныс!**
«ПРОСТАТИНОР» өніміне -30% **жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!**

**Банктік қосымшалар арқылы 3-6-12 айға бөліп төлеу мүмкіндігі!**

*Тұтынушы пікірі:*

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижеммен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врачтарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шынын айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсын алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндізтүні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: ешқандай химиялық қоспа жоқ.
Дозасы мен қабылдау мерзімі: 1 айдан жоғары.
Қарсы көрсетілімі: компоненттерге жекелей төзімсіздік.
KZ.16.01.95.003.Е.000717.08.18 17.08.2018ж.
ББҚ. Дәрілік зат болып табылмайды.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 22521** **Тапсырыс №1774** | Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН**